

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдардың 32 тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау кезінде қолда бар лауазымдарды екі санатқа – басылар мен орындаушыларға бөлуі тиіс. Шешімдер қабылдау және ұйымдық-шаруашылық функцияларды жүзеге асыру құқығының болуын ескере отырып, басылардың барлық санаты жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына жатады, сондықтан оларды функционалдық міндеттерін талдаусыз сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарға жатқызу керек. Орындаушылар лауазымдарының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырау деңгейі функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, сыбайлас жемқорлық функцияларының тізімін негізге ала отырып айқындалады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:
«АШАИМИ» РМҚ

№ р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
1	Директор	Ұйымдастыру-басқару функциялары	Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: - бұйрықтар шығару құқығын теріс пайдалану; - Кадрлық шешімдерге заңсыз ықпал ету;

			- мүдделер қақтығысының пайда болуы; - жеке қызметкерлерге немесе құрылымдық бөлімшелерге артықшылық беру; - тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі комиссияға қысым көрсету; - басқару шешімдерінің ашықтығы; - ауызша немесе бейресми бұйрықтар беру.
--	--	--	--